

**Баршақұм орта мектебінде 2025 жылдың 28 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық кеңес
хаттамасынан үзінді.**

Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы.

Баршақұм орта мектебі директоры Өтегенов Айдос Ендіғалиұлы Ақтөбе облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің Байғанин ауданының білім бөліміне жолдаған хатымен таныстырды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Шакен : аталған хатқа сәйкес ағымдағы жылы Байғанин аудандық білім бөліміне қарасты Баршақұм орта мектебі білім беру ұйымдары мемлекеттік аттестаттаудан өткізіледі. Оның ішінде Баршақұм орта мектебі мемлекеттік аттестаттаудан өту мерзімі қазан айына белгіленген.

Мемлекеттік аттестаттау «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Осы бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымының өзін – өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеуді негізгі бағыттарына сүйене отырып тиісті құжаттар жинақталуы қажет.

Қаулы етті:

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарында көрсетілген құжаттардың тізбесі уақытылы және сапалы жинақтау сала бойынша директордың орынбасарына жүктелсін.

«Білім туралы» ҚР Заңының 59 бабының 4-1 тармағына сәйкес мектептің өзін-өзі бағалау материалдары жинақталып, Ақтөбе облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолдансын.

Педагогикалық кеңес жиналысының төрағасы:

А.Е.Өтегенов

Педагогикалық кеңес жиналысының хатшысы:

Г.Жайшылық

